



№3 (10096)
14 қаңтар,
сейсенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағымдасы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары



17 бала терезеден құлаған

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, Былтыр аймақта 17 бала терезеден құлаған. Бүгінде олардың барлығы жарақатына байланысты ауруханада емделіп шықты.

Жалпы, департамент мамандары балалардың терезеден құлау жағдайының басты себебін ата-аналардың балаларды бақылаусыз қалдыруымен байланыстырады. Сондай-ақ терезеде уақытша бекіткіш тордың болмауы мен москит торының берік бекітілмеуі оқиғаның жиі тіркелуіне алып келеді. Оған қоса балалардың терезенің алдында ойнауына жол бермеу қажет. Бұл бағытта сала мамандары қауіпсіздік шараларына байланысты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Ведомство мәліметінше, 2023 жылы облыста 14 бала терезеден құлап, оның 1-еуі қаза болған.



Аңдамай сөйлеп, айып арқалады

Бүгінде әлеуметтік желіні пайдаланбайтын адам жоқ шығар. Алайда әлеуметтік желіні дұрыс қолдану білмесіз де оның зияны бар. Мәселен, Қызылорда тұрғыны азаматша Д. әлеуметтік желі арқылы әйел кісіге жала жуып, оның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірген. Яғни әлеуметтік желіде пікір жазып, оны жалпы көрілімге шығарып жариялаған.


Сот отырысында азаматша өз кінәсін мойындап, пікір жазғанын растаған. Оның әрекеті полиция қызметкерлерінің баяннаттарымен әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама, түсініктеме, сот психологиялық-филологиялық сараптама қорытындысы және басқа да іс бойынша құжаттармен дәлелденді. Бұл бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-3-бабының 2-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік көзделген. Онда бұқаралық ақпарат құралдары, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жала жабу, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның бөделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату жағдайы көрсетілген.

Сот қорытындысымен жала жапқан азаматша кінәлі деп танылып, оған 465 192 теңге айыппұл салынды.

«ЖЖ» ақпарат

Ойтарызы

Ысырап пен ынсап – қоғам дерті



Білім мен ғылым алға шыққан заманда, бәсекелестік кезең белең алған тұста тойшыл дағдысынан арылмаған ағайынды еңбекке баулу бүгінгі күннің басты мәселесіне айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елді көркейтетін еңбекке баулу идеологиясын қоғамда жан-жақты насихаттау керек екенін баса айтып келеді.

– Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп ендетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың өңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келді. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі, – деген болатын Президент.

Иә, халықтың қазынасы той емес, тынымсыз тірлік, үздіксіз еңбек, сол арқылы елдің өркендеуі, халықтың көркеюі екенін аңғартады. Өйткені білім қуалаған қазақтың ерісі де кеңейіп, өркеніеттегі орны бөлек болуға тиіс. Ендеше, сол күндерге тезірек жету үшін адал еңбек етіп, болашақ ұрпақты білім мен ғылымға баулу маңызды.

Қуантарлығы, бұл бағытта аймақта оң нәтиже бар. Өйткені халық ысырап пен даңғазалықты ысырып, көңілдерін тынбай тірлікке бұруда. Мәселен, жақында ас беру мәдениеті мен жаназа, жерлеу рәсімдерін бір ізге түсіру үшін облыстық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген алқа отырысында ас мәзірі бекітілді. Сыр өңірінің бас имамы Дастан Құрманбаев «Жаназа мен жерлеу рәсімдерін бірізге түсіру және ысырапшылдыққа жол бермеу» тақырыбында насихат айтып, зират басына зәулім ескерткіш, сәнді қоршаулар салуға болмайтынын атап өткен.

Сондай-ақ марқұмды жерлеуде аста-төк дастархан жаймауға үндеу де жа-

сады. Жаназадағы ас мәзіріне ет немесе палау, нан өнімдері, қаймақ, жент, майсөк, шай, қант, көмпит, құрма, су және шұбат кіреді. Ардагерлер діни дәстүрде жоқ марқұмның қонақасын алыстан келген қонақтармен шектелуге, жаназа намазы мен марқұмның жылдық асына дейінгі ас беруде ақша мен шапан таратпауға және жаназа намазын міндетті түрде мешіт имамдарының қатысуымен өткізуге шақырды. Мұнан бөлек зәулім зираттар мен қымбат құлыптастар тұрғызуға, руға бөлініп, бейіт тұрғызуға, қаза болғаннан бастап қырқы, жүзі, жылдық ас беру кезінде бекітілген ас мәзірін қатаң сақтауға үндеу жасалды. Бұл – құлтарлық бастама. Тіпті дәл осындай тыйымдар той-томалаққа да қажет. Себебі ас та тек ас, жалпы астамшылық бізде тек құдайы аста ғана емес, той-томалақта да орын алып жатады.

Қазақ сөбидің іңгөлап дүние есігін ашқан сәттен бастап өмір бойына ән арнап, би билеп, қуанышты сәттерін міндетті түрде тойлатып өткізеді. Той ата заманнан қазақ өмірінің мәні мен сәніне айналған Жасыратыны жоқ, бүгінде қоғамда той өткізу туралы екудай пікір қалыптасты. «Тойдың не қажеті бар? Қарызға батқан халыққа той жасал не керек?» деген пікірмен жиі ұшырасатын болдық. Десе де дүркіретіп той тойлауды құп көретін азаматтарымыз да аз емес. Кейбірі «Сонда кезінде бар байлығын баласының қызығына арнаған, жиган-тергенін тойға шашқан ата-бабамыз дарақы болды ма?» деп тойды ұлт тарихымен ұштастырып та жатады.

Шыны керек, мақтау мен мадақты жақсы көретін жұрт «пәлешеден кем болмайық, қатарынан қалмасын» деп санасып, орынсыз жерде жарысып, тойды бөсеке алаңына айналдырып жіберді. «Баласына бір той жасап бере алмай, Бұл өмірден өтіп кетті қанша адам» деп өң де шығарып алды. Алайда халықтың бәрі бай емес, жалақыдан жалақыға «шықпа жаным шықпамен» өзгер жететін жандар жетерлік.

2000 жылдардан кейін еліміз әлеуметтік-экономикалық жағынан серпін алған соң мейрамханада той жасау дәстүрі қалыптасты. Мемлекеттен кәсіп ашуға, еңбек етуге, жағдайымызды жақсарта берілген несиеге дүркіретіп той жасап, аждаздыға өңші мен асабаларды шақырып, шаша шықтық.

Дарақы тойлар халық әлеуетіне теріс әсерін тигізгеннен бөлек қоғамның рухани, мәдени азғындауына жол ашып берді. Ағайын тойда шайтан суға тойып алып, асабаның ойына келген ойынын ойнап, мез боламыз, марқаямыз.

Сөзіме түздік болсын, жақында әлеуметтік желіде асабаның азын ойынына иланған әйел кісі тойхананың ортасына шығып, өрсі биледі. Тойшыл қауым мээ, азаматшаға қол шапалақтап, құрмет көрсетіп өлк. Сонда тамаданың 300-400 адамнан жиналған тойшыл қауымды осы ойынға лайықты санағаны ма? Әлде қоғамның сұранысы осы болды ма? Міне, тойдағы осындай ұятты іс-әрекеттер бүгінгі, келешек ұрпаққа қандай тәлім бермек?

Айтпай-айтпай не керек, «жиган-тергенін тойға шашыпсын» дейтін қазақтың шаш та тек мінезін аша түскен қазіргі той өткізу салтымызға реформа жасауға сұранып-ақ тұрғандай. Мысалы, қуанышқа келген қонақ санын 100 адамнан асырмай, тойханалар мен тойшыл өңшісмақтардың бағасын бақылауда ұстаса, мүмкін бүгінгідей есі кеткен дарақылық тыйылар ма еді? Әйтпесе тойдан есі кеткен қара халық, қоғамда ән айтып, билеуден де басқа мәселелер бар екенін естен шығарғандай.

Бір қуантарлығы, бүгінгі жас бұрынғы басым көпшілігі дарақы тойды қолдамайтынын айтады. Жастардың бірі той өткен соң өмір бар екенін тілге тиек етсе, енді бірі «жақындарымның ортасында шағын ғана атап өткенге не жетсін», «тойға шашқан ақшаға пәтер сатып алар едім» деген пікірде. Өрине бұған елдік әлеуметтік ахуал мен жастардың жаңаша көзқарасы, оқыандығы, сауаттылығы әсер етсе керек.

Расында, шаш өткенге шығынға батпай, тек жақын адамдарыңа ғана арнап ақ дастархан жайып, бір-бірімізге тілеулес болып, кішігірім мереке ретінде атап өтуге дағдылансақ, той тойлау мәдениетіміз де, әлеуметтік әлеуетіміз де арта түсер еді. Түптеп келгенде, бізден бірнеше жыл алға дамып кеткен Жапония, Германия, тағы да басқа елдер сияқты болғымыз келсе, тойға шашқан қаржының баланың сапалы білім алуына, кәсіп ашуына, келешегіне инвестиция ретінде құйған дұрыс деп ойлаймын. Тойға 500 адам емес, 100 адам шақырсақ та, ата-баба жолымен отқа май құйып, есикте толы бет ашу рәсімін жасап, жөн-жоралғысымен баланың тұсауын кесуді де ата-баба жолымен дарақылықсыз өткізуге өбден болатындай. Біздікі көзқарасты оқырманға ой салу...

Жандос ЖАЗКЕН

Бәрекелді!

«Есірткі – бұл біздің қоғамның жүрегіне түскен қара дақ, адамдардың үмітін сорып, болашағын қараңғылыққа айналдыратын улы айдаһар. Оның әр тамшысы адам жанын баяу, бірақ тұрақты түрде ұлап, шексіз мүмкіндіктерді жоқ қылады. Менің таңдаған жолым – үмітке, жарқын болашаққа жетелейтін таза жол». Бұл Бақдәулет Мамырбайдың «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын» тақырыбында жазған эссесінен үзінді.



Дарынды Бақдәулет

Кейіпкеріміз Бақдәулет кент орталығынан шалғай орналасқан Мәдениет ауылындағы Илияс Қабылов атындағы №32 орта мектептің бітіруші түлегі. Аудан мақтаншына айналған жас өткен аптаның соңында облыс әкімінің қатысуымен «Саналы ұрпақ – болашақ кепілі» тақырыбы аясында өткен форумда «Нашақорлыққа жол жоқ» бір айлық акциясы аясында «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын» тақырыбында эссе жазып, «Үздік шығармашы» номинациясы мен ұялы телефон иеленді. Осы ретте кеше дарынды оқушымен жолығудың сәті түсті.

– Эссе жазу, елші шығару, мән-нәрлеп оқу сынды сайыстарға кішкентайынан қатысып келемін. Бұған дейін бірнеше мәрте жыр мұшайраларда жеңіс тұғырынан көріндім. Эссе де есірткінің қоғамға тигізгі жатқан зиян тұстары мен одан қалай құтылу керектігін жазып, өз ұсынғысымды жеткіздім. Жетекшім Айнуір Құрбанқызына алғысым шексіз, – дейді Бақдәулет Абдуллаулы.

Кейіпкеріміз ес білгелі есеп-қисапқа жүйрік болған. Сол қабілетінің арқасында ол бірнеше жарыстан жеңістің орнаған. Атап айтсақ, ең үлкен жетістігі республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Кенгуру» ойын конкурсында математика пәні бойынша I орын алған.

Оқуда озат оқушы біліммен қатар спортқа да бейім. Айтуынша қазақ күресі мен дзюдо үйірмесіне ес білгелі тұрақты түрде қатысып, республикалық сайыста бірнеше мәрте аудан абыройын асқақтатқан. Мәселен, қазақ күресінің XIV «Алтын белбеу» жарысының аудандық, облыстық кезеңінде 2008-2009 жылы туған кішіжасөспірімдер арасында 60 кг салмақ дәрежесінде I орын иеленген. Сонымен қатар еңбек ардагері Есалы Тұрсынбаевты еске алуға арналған қазақ күресінің 2008-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирде 60 келі салмақ дәрежесінде II орын иеленіп, дәл осы спорт түрінен спорт шеберіне үміткер атағын алған.

Бақдәулет бұл спорт түрімен ғана шектеліп қалмай, 2023 жылы дзюдо күресінен «Абзал және Компания» ТС жүлдесі үшін дзюдодан 2008-2009 жылы туылған жасөспірімдер мен қыздар арасындағы республикалық турнирде 60 кг салмақ дәрежесінде өткен жарыста II орын иеленген. 500-ге жуық спортшы боз кілемде бақ сынаған сайыста Бақдәулет спорт шеберіне үміткер атағын алған.

– Мені бұл спорт түріне 6 жасымнан бастап баулыған жетекшім

– Гүлдана Қапарова. Ол дзюдо спортынан бірнеше дүркін чемпионы. Үздіксіз күнделікті дайындықтың арқасында ол мені бірнеше жарысқа қатыстырып, жеңіс тұғырынан көрінуіме септігін тигізді, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде Бақдәулет – бітіруші түлек. Қазіргі таңда уақытының басым бөлігін ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындыққа арнауда. Таңдауы биология-география пәніне түскен Озат оқушы мамандығын да таңдап қойыпты. Айтуынша Алматы, Астана қаласындағы іргелі оқу орнына түсіп, педагог-психолог мамандығын иеленіп шықпақ.

Бақдәулет мектебіміздің мақтанышы. Ол 1 сыныптан бері үздік оқушылар қатарында көш бастап жүр. Қазіргі таңда алға қойған мақсатына жету үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалып, күндіз-түні оқудан бас алмауда. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, мектепте өтетін шаралардың барлығына атсалысады. Білім, өнер сайыстарының барлығы Бақдәулеттің қатысуымен өтеді десем артық емес. Себебі ол мектептегі жан-жақты, үздік оқушы. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, барлығына да уақыт табуға тырысады. Сабаққа да, дебатқа да, жарысқа да, үлгеріп қатысады.

Бақдәулеттің болашағынан үлкен үміт күтеміз, – дейді сынып жетекшісі Бақытбек Баймаханов.

Иә, Бақдәулет мектептегі дебат үйірмесінің капитаны. Ол мектеп оқушылары арасында облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Сыр лигасы» аясында өткізілген облыстық «Дебат сайысы» байқауының аудандық кезеңінде «Үздік спикер» номинациясын иеленген. Сондай-ақ жақында ғана 9-11 сынып оқушылары арасында «Болашаққа үміт, жастарға сенім» атты облыстық білім басқармасының кубогы үшін пікір-сайыс турнирінің аудандық кезеңінде «Ең білімді ойыншы» номинациясын жеңіп алған. Сонымен қатар ол мектептің белсенді оқушыларынан құралған «М – 32», «М and M» жайдарман командасының капитаны. Аталған командалар мектеп абыройын аудандық, облыстық жайдарман ойындарында қорғап келеді.

Сұқбат барысында мақтандарының айнасы болып, мектеп тастандышына айналған Бақдәулеттің білім бәйгесінде өлі де биіктен көрінетінін аңғардық. Мектеп қабырғасында оның қабілеті мен талантына қарап бой түзейтін оқушылар көп. Өрине бұл оқушы бойындағы дарынды дер кезінде ашып, дұрыс бағыт-бағдар көрсеткен ұлағатты ұстаздардың жемісі деп білеміз.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Саналы ұрпақ – болашақ кепілі

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өнер орталығында «Саналы ұрпақ – болашақ кепілі» тақырыбында форум өтті. Алқалы отырысқа Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, бас прокуратура өкілі Жасұлан Даулембаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров пен құқық қорғау органдарының, жауапты салалардың басшылары қатысты.

Аймақ басшысы осы бағытта атқарылған жұмыстарға тоқталып, форумға қатысушыларға сәттілік тіледі. – Бүгінгі форум идеологиялық мәні зор, пайымды пікірлерге толы қоғамдық көшбасшылардың ортақ

алаңына айналады деп санаймын. Кездесуге келген сіздердің тәжірибелеріңіз, ойларыңыз, ұсыныстарыңыз алдағы жоспарларымызды нақтылап, ортақ мақсатымызға жетуге септігін тигізеді. Президентіміз

Қасым-Жомарт Кемелұлы республикалық «Ана тілі» газетіне берген сұқбатында «Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса өкпен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбеккер болғанын қалаймын» деп, жастар арасындағы зиянды әдеттерге айрықша тоқталып өтті. Бүгінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі, – деді аймақ басшысы.

қорғау органдары басшыларымен бірге алқалы жиындар, түрлі кездесулер, ашық қабылдаулар өтуде.

Жиында Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Сейтқалиұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Абдуламитұлы, облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, Нұрлан Имам Байжігітұлы, Олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимов, актер режиссёр Рүстем Омаров сөз сөйледі. Сондай-ақ «Нашақорлыққа жол жоқ» бір айлық акциясының нәтижесімен белсенді қатысушылар марапатталды. Айта кетейік, аймақта балалардың жарқын болашағына бағытталған ауқымды жобалар бар.

Өткен жылы «ҚазГөрмұнай» компаниясының демалушыларымен бірге қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы» салынуда. Дарындар тоғысатын жаңа ғимарат мамыр айында ел игілігіне табысталады.

«Саутс Ойл» компаниясының демалушыларымен бірге қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді.

Ел Президентінің бастамасымен іске асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 3 мектеп пайдалануға беріліп, балалар лайықты білім алуға. Ал Жаңақорған ауданының орталығынан «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі», «Самұрық Қазына Траст» әлеуметтік жобаларды қолдау қорымен бірлесіп, «Үстел теннисі» орталығы іске қосылды. Барлық ауданда ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият» орталықтары салынуда. Қармақшы және Шиелі аудандарындағы осындай орталықтар ашылды, жақын арада қалған аудандарда да пайдалануға берілмек.

Аудандағы ахуал тұрақты

Ауданда жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу бағытында тұрақты түрде «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар», «Түнгі Жалағаштағы балалар», «Абайлаңыз балалар» профилактикалық шаралары және күнделікті түн мезгілінде «Квадрат» қысқа мерзімді рейдтері жүргізілуде. Профилактикалық жұмыстар барысында, 221 құқық бұзушылық анықталып, қаңғырбақты пен кезбелікке салынған 12 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылған.

Айта кетейік, ауданда көмелетке толмағандармен жасалған қылмыстар азайған. Оқушылар арасында «Жасөспірім және Заң», «Лудомания болашақтың дерті» құқықтық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында дебат қозғалысы, психолог сағаттары, семинар-тренингтер тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Сонымен қатар, қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе – жасөспірімдердің мопед, скутер, көлік құралдарын жүргізуі. Осы ретте, жыл көлемінде мектеп оқушыларымен 2 жол көлік оқиғасы орын алған. Оқушылардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектептерде «Абайлаңыз балаңыз» профилактикалық іс-шарасы өткізілген. Іс-шара аясында құрылған мектеп, мектептен сабаққа келетін оқушылардың тізімі уәкілеттік полиция инспекторына беріліп, қадағалау жұмыстары жүргізілген.

Айта кетейік, жиында Мәдениет ауылындағы №32 мектеп лицейінің 11 сынып оқушысы Бағдаулет Мамырбай «Үздік шығармашы» номинациясын иеленді. Форумнан соң аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларына жастар үшін маңызды зор тағылымды жиынды аудан көлемінде де өткізу қажеттігін атап өтіп, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыс жасауды қатаң тапсырды.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ



Әлеует

Әлеуметтік төлемдер мөлшері артты ма?

Жаңа жылда халықты қызықтыратын бір тақырып әлеуметтік төлемдер мәселесі екені белгілі. Қуантарлығы, 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрлерімен және базалық зейнетақы төлемі Ұлттық банк айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес көтерілді. Жаңа жылдан бастап еңбек сіңірген жылдары үшін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 8,5 пайызға артты.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаменті зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі мамандарының мәліметінше, жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс мөлшері 203 060 теңгеден 216 260 теңгеге көбейтіледі. Нақтырақ тоқталсақ, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы және бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайын берілетін мемлекеттік жәрдемақы төлемдері де өскен. Бірінші, екінші және үшінші бала туылғанда берілетін біржолғы жәрдемақының мөлшері бұған дейін 140296 теңгені құраса, балдан бастап 149416 теңгеге өсетін болады. Ал төрт және одан да көп бала туылғанда 232596 теңгеден 247716 теңгеге артады. Бала бір жарым жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері тууы зектілігіне байланысты 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірінші балаға 22649 теңге, екінші балаға 26777 теңге, үшінші балаға 30867 теңге, төртінші және одан да көп бала туылғанда 34995 теңгені құрайды.

Бытыр ауданда атаулы әлеуметтік көмекке 143 отбасының 880 мүшесіне 46888,9 мың теңге төленген. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының бір жастан алты жасты қоса алғанда дейінгі әр балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 128 отбасының 270 баласына 9824,4 мың теңге тағайындалған. Мұнан бөлек, тұрғын үй көмегін көрсетуге аудан бюджетінен 634,2 мың теңге қаралған. Бүгінгі күнге 17 отбасының 46 мүшесіне 634,1 мың теңге тағайындалып,

төленген. Мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға бытыр 12977,5 мың теңге үлестірілген. Сондай-ақ қосымша тамақтануға 61 адамға 12950,9 мың теңге қарастырылған.

«Отан Даңқ» ордендерімен наградталған, республикалық құрметті атағына ие болған 2 азаматқа 168,4 мың теңге әлеуметтік көмек көрсетілген. Өрттің салдарынан зардап шеккен 4 отбасына 2362,9 мың теңге көмек берілген. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде 6 ай жұмыс істеген 91 азаматқа облыстық бюджеттен 13438,9 мың теңге берілген. Ал Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқан 4 азаматқа 590,7 мың теңге, Кеңес армиясының мүгедек 3 азаматына 443 мың теңге төленді.

Екінші рет некеге тұрмаған қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне 2 азаматшаға 295,4 мың теңге үлестірілді. Ауған соғысына қатысқан 20 азаматқа аудандық бюджеттен 3692,0 мың теңге Семей ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен 13 азаматқа 1919,8 мың теңге берілді.

Тәжік-Ауғанстан уәдесінде ТМД-ның шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған 15 азаматына 2215,2 мың теңге төленді. Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСРО ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының 12 азаматына 1772,2 мың теңге тағайындалып, төленді. Сөуле ауруының салдарынан қайтыс

болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектері бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың есеріне байланысты болған азаматтардың отбасыларына 1 азаматқа 36,9 мың теңге тағайындалған. Саяси қуғын сүргін 7 адамға 129,2 мың теңге жәрдемақы берілді.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерге де тұрақты көмек көрсетілген. Мәселен, облыс әкімінің гранты бойынша 15 студентке 7936 мың теңге оқу ақысына, 3987,3 мың теңге тамақтануы мен тұруына және жергілікті бюджеттен 3 студентке 2023-2024 жылғы оқу ақысына 1206,4 мың теңге көлемінде көмек берілген. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу үшін 2493 маманға 36816,6 мың теңге қаржылық қолдау көрсетілген.

Сонымен қатар ауданда мүгедектері бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және олардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған шаралар үздіксіз жүреді. Жалпы аудан бойынша мүгедектердің орталықтандырылған деректер қорына сәйкес 2025 жылдың 1 қаңтарына 973 мүгедектігі бар адам тіркелген, оның 233-і 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды құрайды. Осы орайда ауданда мүгедектерді сауықтыру жеке оңалту бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Бытыр 797 мүгедектігі бар адам міндетті гигиеналық құралдармен, 52-і кресло арбамен, 120 санаторлық курорттық жолдамалармен, 97-і тифло-



техникалық құралдармен, 242-і протездік ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етілген. Есту кемістігі бар 6 мүгедектігі бар адамға 1 ымдау тілі маманы, жүріп-тұруы қиын I топтағы мүгедектігі бар 100 адамға жеке көмекші қызмет көрсетілді. Облыстық мүгедектерді оңалту орталығына баруға өтініші білдіргендерден былтыр 41 азамат жіберілді. Оның ішінде 8-і зейнеткер.

Аудан бойынша тірек қозғалыс аппараты бұзылған және психоневрологиялық патологиясы бар мүгедектігі бар балаларға күндізгі стационар жағдайында 12 балаға дейін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Осы ретте «Қажмахан» жергілікті қоғамдық бірлестігімен келісім шарт жасалып, нәтижесінде 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалардың күндізгі болу бөлімшесінде 10 балаға қызмет көрсетіледі. Жыл басынан бері 4 адамға «Көмелетке толмағандарға және өрекетке қабілетсіз немесе өрекетке қабілеті шектеулі көмелетке толған адамдарға қатысты» қорғаныштық немесе қамқоршылық тағайындалды.

Әрине мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота бөлу мәселесі де күн тәртібінен түскен

емес. «Қызылорда облысының 2024 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №235 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 шілдедегі №126 қаулысына Жалағаш ауданы бойынша 3 мекемеге 5 жұмыс орындары бекітіліп, өткен жылы толығымен орындалған. Атап айтқанда, Жалағаш индустриалдық аграрлық колледж» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мекемесіне 1 азамат жұмысшы, 3.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепке 1 адам от жағушы және 1 адам киім ілуші, сондай-ақ Әл-Фараби атындағы №201 орта мектепке 2 адам от жағушы болып жұмысқа орналасты.

Аудан бойынша жаза өтеу орындарынан босатылған және аудандық пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру мәселесі де оңтайлы шешілген. Бүгінде пробация қызметінде 55 азамат есепте тұр. «Қызылорда облысының 2024 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы» 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №235 қаулысына

сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 5 квота белгіленген болатын. Бүгінде аталған квота бойынша ауданның 5 азаматы жұмысқа орналасқан. Сондай-ақ пробация қызметіндегі 3 адамға 27 мың теңгеге азық-түлікпен көмек көрсетілген. Мұнан бөлек, бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру мақсатында бос жұмыс орындары бойынша 4 жәрмеңке өткізілді.

Сотталғандарды қайта әлеуметтендіруге және әлеуметтік бейімдеуге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Ұлы Орда күші» мүгедектер қоғамдық бірлестігімен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және аудандық қызметінің есебіндегі азаматтардың балаларына арналған «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Аудандық пробация есебінде тұрған 5 сотталушының 11 баласы 98 мың теңге көлемінде оқу процессіне қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Ж.АРЫН

Тәлім



Ауылдағы алтын ұя

Апта басында әдеттегідей елді-мекендердің тынысымен танысу үшін жолға шықтық. Бұл жолы бағытымыз Еңбек ауылындағы Мәрдан Байділдаев атындағы №232 орта мектебіне түсті. Ауыл балаларына арналған білім ошағы биыл жаңа оқу жылын 268 оқушымен бастаған. Алайда мектеп директоры қазір алтын ұяда 262 оқушы білім алып жатқанын жеткізді.

Ауыл мектебінен озат оқушылар шығаруды басты мақсат еткен білім ошағында 48 ұстаз еңбек етеді. Оның 8-і педагог-зерттеуші, 18-і педагог-сарапшы, 14-і педагог-модератор. Мектеп тынысымен танысып жүріп, арнайы бастауыш сыныпқа қарай бет бұрдық. Мектеп директоры Мейрамбек Жамановтың айтуынша бүгінде 25 оқушы бастауыш сыныптың алғашқы сыныбында білім алуда. Сондай-ақ 10 оқушы мектеп алды даярлық тобына қабылданған. Барсақ, көше ғана мектеп табалдырығын атаған бүлдіршіндер «Әліппе әлемі – әріппен өдемі» тақырыбы аясында алғашқы оқулықтары – Әліппемен қоштасып жатыр. Сынып жетекші Динара Омарова 1 «Б» сыныбындағы балдырғандар 4 ай көлемінде әріп танытқан Әліппемен қимай қоштасып тұрғандарын жеткізді.

ұйымшылдыққа баулитыны сөзсіз. – Биыл мектептен 20 түлекті үлкен өмірге қанат қақтырамыз. Оның 16-сы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Үздіксіз білім мен еңбектің нәтижесінде 2 оқушымыз «Үздік аттестатқа» үміткер. Қазіргі таңда олар күнітүні дайындық үстінде. Нәтижелері жаман емес. Оқушыларымыз ай сайын Қызылорда қаласындағы «U-Study» тестілеу орталығына барып, тест тапсырады. Соңғы тест сынағынан алды 100-ден жоғары балл жинады. Соның бірі мектебіміздің мақтаншысы, «Үздік аттестатқа» үміткер – Фариза Еділхасым, – дейді мектеп директоры.

Фариза сұқбат барысында отбасында анасы мен әпкесі ұстаздық қызметте еңбек ететінін айтты. Бала күнінен соларға қарап бой түзеп өскен Фариза бүгінде математика пәнінің



4 бітіруші түлек ҰБТ қорытындысыз колледжге түсуге неитті. Сынып жетекшісіне сөзіне сүйенсек, 4-еуі де теміржол саласына тапсырмақ.

Айта кетейік, былтыр мектепті 24 оқушы бітіріп, 100 пайыз ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Нәтижесінде 17 түлек мемлекеттік грантпен жоғары оқу орнында білім алуға қол жеткізген ал 4-еуі ақылы жоғары оқу орнына, 2-еуі арнаулы оқу орнына түскен. Сондай-ақ 1 оқушы жұмысқа орналасқан. Әрине шәкірттердің айтулы жетістігі білікті мамандардың еселі еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Мектеп оқушылары түрлі аудандық, облыстық, республикалық, білім олимпиадаларына, ғылыми жарыстар мен шығармашылық байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Мәселен, оқушылардың зияткерлік-шығармашылық әлеуетін және танымдық қызығушылықтарын ынталандыру мақсатында 2-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» зерттеу жұмыстары және шығармашылық жобалар республикалық конкурсының аудандық кезеңіне 11 оқушы қатысып, 6-ы жүлделі орын алған. Сондай-ақ «Дарын» ғылыми жобасының аудандық кезеңіне 7 оқу-

шы қатысып, 5 оқушы жүлделі орын алған. Ал 1 оқушы облыс кезеңнен арнайы Алғыс хат иеленген. Мұнан бөлек, ауыл мектебінің оқушыларына арналған ауыл олимпиадасының аудандық кезеңіне 12 оқушы қатысып, 3 оқушы I, II, III орындарды иеленсе, 1 оқушы қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша облыстық кезеңнен жүлделі III орынға ие болған.

Ал 5-6 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадада 11 оқушы қатысқан. Нәтижесінде 1 оқушы қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша II орын иеленген. Ал 3 оқушы қазақ тілі мен әдебиет, ағылшын, қазақстан тарихы пәні бойынша III орын иеленген.

Аталған олимпиаданың аудандық кезеңіне 7-8 сынып оқушылары да белсене қатысып, жеңіс тұғырынан көрінген. Атап айтсақ, 4 оқушы математика, орыс тілі, биология, қазақ тілі және әдебиет пәні бойынша II орын иеленсе, 10 оқушы ағылшын пәні бойынша III орынға тұрақтаған. Олимпиаданың 9-11 сынып оқушыларына арналған кезеңіне білім ошағынан 18 оқушы білімдерін саралаған. Оның 2-еуі математика, қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша II орын, 4-еуі физика, орыс тілі, қазақ тілі мен әдебиет, қазақстан тарихы пәнінен III орынға тұрақтаған.

Сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұйымдастырылған «Сыр лигасы» жобасының «Дебат» облыстық кезеңінде II орын иеленіп, 280 мың теңге көлемінде праймериз сертификатын иеленген.

Ауылдағы білім ошағы барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Атап айтсақ, мультимедиа, химия, физика, биология, кабинеттері модификацияланған. Яғ-

ни оқушыларға жоғарыда аталған пәндерді заманауи үлгідегі құрал-жабдықтар арқылы тереңірек оқып-білуге мүмкіндік жасалған.

Сондай-ақ мектепте балаларға бірқатар жағдай жасалған. Атап айтсақ, оқушыларды ыстық тамақпен қамту бір ізге қойылған. Бүгінде 166 бала ыстық тамақпен қамтылған. Оның 49-ы бастауыш сынып оқушылары болса, 117-сі әлеуметтік осал топтағы балалар.

Мұндағы жастар спортқа бейім. Сондықтан да мектепте ашылған үйірмелердің басым көпшілігі спортқа бағытталған. Мәселен, мұнда дойбы, шахмат, футбол, волейбол, баскетбол сынды үйірмелер бар. Нәтиже де жоқ емес. Жетекшілердің тынымсыз еңбегі мен оқушылардың қарымды қабілетінің арқасында олар түрлі спорттық сайыстарда мектеп абайройын асқақтатуда.

Мектептің тынысымен танысу барысында білімді ұрпақ тәрбиелеуді өздеріне парыз еткен мектеп ұжымы алдағы уақытта да талай бүлдіршінің талантын ұштап, биік белестерге жетелеуде еселі еңбек ете беретініне көз жеткізді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Балдырған



Есірткіге жол жоқ!

(Ертегі)

Әдеттегідей Айдос оқудан үйіне қайтып келе жатыр. Жолда дүкенге кіріп, анасы берген шағын ақшаға төттілерін алып шықты. Әрі қарай жүре барды. Үйіне жақындағанда қорқақтай бастады. Себебі Айдостың үй жағы бұзақылар мен нашақорларға толы болатын. Басын төмен салып үйіне жүгіріп кеткен Айдос жолда үлкен түрі ұсқынсыз ер адамға соқтығысты. Ол ер адамның қалтасынан ақ ұнтақ есірткі құлап түсті. Айдос мән бермей, ер адамнан көшірім сұрап, үйіне кіріп кетті. Соқтығысқан адам есірткі таратушы болатын. Айдос үйге кіргенде анасы кешкі ас әзірлеп жүр екен. Ал әкесі жұмыстан кеш шығатын болыпты.

Айдостың анасы күнде есік алдынан өткенде абайлап етуін ескертіп отырады. Бүгінде сол ескертудің қайталауда. Ал Айдостың басқа жаққа көшікі келеді. Оған ата-анасының қаржысы жетпейді. Айдос ас ішіп болған соң белмесіне кіріп сабағын жаман адам екенін біледі. Сол уақытта еріксіз қиялға беріліп, өз үй жағын барлық жамандықтан тазартқысы келетін сиқыр болса деп армандайды. Сол армандаған күйде ұйқыға кетеді. Бір кезде ұйықтап жатқан Айдостың денесіне аспаннан жарқыраған жұлдыз сияқты бір құбылыс енеді. Оны ұйықтап жатқан Айдос сезбейді.

Таңертең ұйқыдан оянып, мектепке жол тартады. Жолдан көшегі бұзақылардың 1-2 еуі құлап жатқанын көріп, жаймендеп жақындап бастайды. Қолын қорқақтай созып иығынан ұстай бергенде бір ғажайып орын алады. Ол құлап жатқан бір бұзақының түнде қонған сиқырмен лезде есін жинапты, есірткіге әуестігін жоқ қылады. Бұзақы есін жия салып, дел сал болып:

– Мен бұл жерде не істеп жүрмін? Сен кісің? Мен қайдамын? деген сұрақтарды қоя бастайды. Ештеңеге түсінбеген Айдос сұрақтарға жауап береді:

– Мен Айдоспын. Сіз жерде құлап жаттыңыз. Түнде бірнеше адаммен осы жерде болдыңыз. Есін жиган бұзақы. Кеше Айдос соғысқан ер адаммен келгенін айтты, одан әрі есінде ештеңе қалмағанын түсіндіреді. Сол уақытта Айдос соқтығысқан адамның есірткі таратушы жаман адам екенін біледі. Мектепке жақындағанда Айдос көшегі соқтығысқан жаман адамды көріп қалады. Ол мектептегі оқушыларға көз сузіп қарап, екі оқушыны шақырып тұр екен. Оқушылар жүгіріп келеді. Сол сәтте есірткіні үлкен оқушыларға беруге қол соза бастағанда Айдос қолын қағып жібереді. Жаман адам Айдосқа ашуланып:

– Әй, сен бала не істеп тұрсың? Көзіңе қарамайсың ба? Айдос:

– Оқушыларды жаман есірткішімен ұламансыз. Мектепке жоламаңыз. Әйтпесе полиция шақырам деп қорқытады. Жаман адам болса ашуланып кетіп қалады. Сосын Айдос балаларға ескертіп айтады.

Сабақтан шығып, үйінде отқан Айдостың телефонына белгісіз нөмірден хабарлама келеді:

– Сен бала жазанды аласың. Дәл қазір көп Әйтпесе жақындарыңа зиян келтірем, – деп қорқыта бастайды. Айдос киініп көрсетілген мекен-жайға жүреді. Қарап қалса алдынан есірткі таратушы жаман адам шығады.

– Ей батырсымақ, келдің ба? Артыңнан ешкімді ертіп келмеген шығарсың? Айдос:

– Неге шақырдыңыз? Жаман адам: – Менің ісіме кедергі жасап жүрсің. Сол себепті сенің көзіңді құрту үшін шақырдым, – деп Айдосқа шабул жасай бастайды.

Айдос қорқып жерге отыра бергенде, түнде енген сиқыры Айдосқа қанат бітіріп аспанға ұшырып алады. Айдос түсінбей қалады. Ал жаман адамда өзінің үш апаратымен Айдосқа қарай ұшады. Есін тез арада жинап алған Айдос қорқыпай шайқасқа түседі. Екеу ара шайқас болады. Сол сәтте жаман адам айтады:

– Ей батырсымақ, мен қазір қолымдағы бір түймені бассам бүкіл әлем есірткіге ұланып, естерін жоғалтады. Содан кейін бәрі мені іздейді. Себебі жер бетінде есірткіге тәуелділік басталады, – деп қарқылдап күледі.

Айдоста өзінің қарсылығын көрсетіп: – Сенің бұл арам ойың іске аспас. Мен оған қарсы тұрам. Екеуі шайқасып ұшып жүреді. Жаман адам қолындағы түймені басуға әрекет жасағанда Айдос қолын қағып жібереді. Жаман адамның қолындағы түйме суға құлап түсіп, істен шығады. Жаман адам биік ғимаратқа бет алады. Себебі бүкіл әлемді ұлайтын құрылға сол жерде тұр екен. Айдос артынан ілесіп, құрылғыны да істен шығаруға әрекет жасайды. Жаман адам құрылғыны іске қоса бергенде Айдос Жаман адамды итеріп құлатып жібереді. Бірақ құрылғы іске қосылып, есірткі тарала бастайды. Айдос тез іске кірісіп, өзінің ғажайып күшімен ұланған жерлерді лезде тазартып, құрылғыны да өшіріп үлгереді. Сөйтіп Айдос ерекше сиқырмен әлемді есірткіден ұланды қорғап қалды. Ал жаман адамды полицияларға тапсырады. Бүкіл әлем жаңалықтары Айдосты көрсетіп, мақталады. Ал Айдостың үй маңы да бұрынғыдай күңгірт емес. Бұзақылардан тазарып, жарқырай түскен. Осылайша, Айдос есірткіге тәуелділіктен бүкіл әлемді құтқарады.

Балауса НҰРАДИНҚЫЗЫ, Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққум ауылы Алдаберген Бисенов атындағы №38 орта мектеп оқушысы

Сезім НҰР

Зерек



Мектепте білім бәйгесінде үздіктер қатарынан көрініп жүрген озат оқушылардың бірі – Әлфия Балхан. Бүгінде өзінің білімімен биіктерді бағындырып жүрген озат оқушының арманы асқақ, талабы таудай.

Озат оқушы Әлфия

Ол 5 сыныптан бері пәндік олимпиадалар мен қатар ғылыми жобаларға да қатысып жүрді. Олардың бірі оқушыларына арналған олимпиадаларда қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша бірнеше мәрте жеңіске жеткен. Озат оқушы мұнан бөлек география, математика пәндерінен ғылыми жобаларға да тұрақты түрде қатысып тұрады. Тарқатып айтсақ, география пәнінен «Арал теңізі қорғау» жобасы бойынша аудандық кезеңнен I орын алып, облыстық кезеңде II орынға тұрақтаған. Ал математика пәнінен аудандық кезеңнен облысқа жолдама алып, облыста үздік үштікті түйіндеген.

Сондай-ақ облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Сыр лигасы» байқауы аясында «Ана тілі аруы» номинациясын иеленген.

– Бұл байқауда қатысушылар 5 кезең бойынша сынга түстік. Ең алдымен өзімізді таныстырып, одан кейін өз өнерімізді көрсеттік. Ал үшінші кезеңде сұраққа жауап бердік. Одан кейін монолог оқу бойынша сынга түсіп, соңғы кезеңде қазақтың ұлттық киімдерін насихаттап, қолөнер дайындап алардық, – дейді Әлфия Бақытбергелқызы.

Кейіпкеріміз сұқбат барысында би әлемінен де алыс еместігін айтты. Ол бүгінде аудандық бишілер құрамасында өнер көрсетеді. Сондықтан да ол жоғарыда аталған сайыстың екінші кезеңіне қазақтың

ұлттық биін дайындап апарған. Айтуынша байқауға жетекшісі Манзура Алтынбекпен бірге дайындалып, көрерменге ұлттық құндылықтарды насихаттайтын ерекше би ұсынған Яни «ұрышқыр» би деп аталады.

Иә, озат оқушының алдына қойған мақсаты айқын. Қазіргі таңда 10-шы сынып оқушысы болса да, осы бастан бітіруші түлектермен қатар ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жүргізуде. Ол таңдау пәні де шешіп қойған. Айтуынша жетекшісі Жанар Топаева секілді қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды көздеп отыр. Осыдан-ақ мұндағы ұлағаты ұстаздардың оқушыларына қандай үлгілі жан екенін аңғардық.

– Білім бәйгесінде жетер жетістігім өлі алда деп білемін. Келер жылы тағы да қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша ауыл олимпиадасымен қатар пәндік олимпиадаға қатысып, аудандық және облыстық кезеңнен I орын иегері атануға бар күш жігерімді саламын, – дейді озат оқушы.

Иә, мектеп мақтанышының бүгінде жеткен жетістігі көп. Балалар шығармашылығын дамытуға арналған «Жауқазын жүрек» көшпелі әдеби алаңы мен эссе жазу, мәнәзерлік оқу сынды сайыстарда да жүлдесіз оралмаған. Бүгінде ұстаздарының айнасына айналып, мектеп мерейін үстем етіп жүрген Әлфияның бағындырар белесі биік.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №51